

# АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым


№44 (7933)

Жұма  
27 қазан  
2023 ЖЫЛ

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығady

@ aktogai\_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Соңғы 3 жылда мемлекеттер көп күтпеген экономикалық қиындықтарға тап болды. Сондықтан да әлем елдері экономикалық дағдарыстар мен қиындықтарды сынау арқылы еңсеру,

айқындалады.

Әсіресе, шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы ішкі өнімдегі үлесін арттыруға және орта өнеркәсіпті кеңейді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге, сондай-ақ азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жобалар ерекше атап өтілді.

Сонымен қатар, трансшекаралық су ресурстарын қорғау және қалпына келтіру, кез келген өнеркәсіп секторының қызметі жаңа экономикалық саясаттармен

## Ел әлеуетін көтеруге жаңа бағыт

экономикалық өсуді арттыру және осу деңгейін бір қалыпта ұстап тұру, инфляцияның жоғары деңгейін төмендету бағытында өз саясатын дамытуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында экономиканың тұрақтылығын арттыруға бағытталған жаңа жоспарды әзірлеу қажеттігі басымдық ретінде берілген.

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында Қазақстанның өсіп келе жатқан экономикалық тәуекелдерді еңсере отырып, тұрақты және қуатты экономикасы бар гүлденген елге айналу мүмкіндігінің зор екенін атап өтті.

Бұл жолдауда тау-кен өндіру және пайдалы қазбаларды өңдеу, энергетика және газ өңдеу, ауыл шаруашылығы, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешен сияқты негізгі өндіріс секторларының экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған модель құруға баса назар аударып отырып, әрбір саладағы экономикалық өсуді арттыруға бағытталған жаңа мүмкіндіктер

үйжесетін экологиялық іске асыру бастамасына тән «жасыл экономиканы» қамтиды.

Сыртқы экономиканы ұлғайту, нарықта тауарларды өткізудегі мемлекеттік кедергілерді азайту, инвесторларды тартуға қолайлы жағдай жасау сияқты жаңа экономикалық саясат моделін құруға көбірек көңіл бөрудің маңыздылығы да назардан тыс қалған жоқ.

Кез келген елдің дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі – сол елдегі халық санының өсуі мен адам ресурстары. Халық пен экономикалық мәселелер бір-бірімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында халықтың табыс деңгейінің, еңбекақы деңгейінің, сапалы білімнің артуы, елімізге қажетті мамандарды даярлауға көңіл бөлу, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мәселелері жан-жақты қамтылған.

Алдағы уақытта Қазақстанның экономикалық даму саясатының жаңа моделін әзірлеу үшін жоғарыда аталған мәселелерге көбірек көңіл бөлінетіні анық.

Д.Ұлтықеев,

Ақтоғай ауылының әкімі.

5 ҚАРАША  
НОЯБРЯ  
2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!  
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

www.election.gov.kz

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
АУДАНАРЫ МЕН ОБЛЫСТЫҚ  
МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРЫНЫҢ

ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ

ВЫБОРЫ АКИМОВ

РАЙОНОВ И ГОРОДОВ ОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

\*Қуан ағайын!

## Мемлекеттік награда жерлестерімізде



Ұлттық мейрам – Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың ішінде ақтоғайлықтар да бар. Күні кеше Қарағанды шаһарында Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрында өткен салтанатты жиында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жерлесіміз, өнер ардагері Шәмшия Төлүбаеваға және Н.Әбдіров атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ директоры Сағындық Бакировтың кеудесіне «Ерен еңбегі үшін» медалін тақты.

Рухани байлықты дамытуда және мәдени дәстүрлердің дамуы мен сақталуы ісіне қосқан мәдениет саласы қызметкерлерінің үлесі орасан зор. Шәмшия Төлүбаева Арқа жұртын өуезді ән, әдемі үнімен тербеткен күміс көмей әнші. 60 жылға жуық ерекше дауысымен тыңдарманын тамсандырып, көрерменін қуантқан

Шәмшия апайдың еңбегі ел алдында. Алты Алашқа аты аңыз «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблінің қатарында 50 жыл қызмет жасады. Халық театрының құрамында актриса болып бірнеше рөлдерді сомдады. Мерейлі мереке қарсаңында мемлекеттік жоғары марапат алуы ұзақ жылғы еңбегінің жемісі деп әбден айтуға болады.

Тәуелсіздікті тұғырлы ету жолында еңбек сіңіріп жатқан азаматтарымызды қалай дәріптеп, мадақтаса да жара-сады. Сондай құрметке лайықтының бірі С.Бакиров. Оның мемлекеттік наградамен марапатталуы Ақтоғай ауданының білім беру саласына берілген шынайы баға деп білеміз. «Білім – ел қазығы» демекші білім сапасы – ел дамуының маңызды көрсеткіші. Осы салада Сағындық ағамыздың еңбегі елеулі.

Елін әсем үн, сырлы әндерімен тербеткен Шәмшия Төлүбаева мен ауданның білім көкжиегін кеңейтуде еселі еңбек етіп, ұрпақ санасын білім нәрімен сусындатып келе жатқан ұлағатты ұстаз Сағындық Бакировтың марапаты құтты болсын дейміз. Қуаныштымыз!

Думан Амангелдіұлы.

## «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ»

Құрметті оқырман!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газетіне 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке «Қазпошта» аудандық ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031,

1 жылға – 4914,60 теңге.

6 айға – 2457,30 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031,

1 жылға – 5914,56 теңге.

6 айға – 2957,28 теңге.

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайын!

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.

Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39. E-mail: aktogai\_red@mail.ru



## Республика күні – елдігіміздің белгісі

Ұлттық мереке Республика күні Ақтоғай ауданында кең көлемде аталып өтті.

Айтулы күнге арналған аудандық мәдениет үйінде «Республикам-тірегім» атты салтанатты шара ұйымдастырылып, көк туымыз көтеріліп, әнұранымыз әуеде қалықтады.



Бірлігімізді бекемдеп, елдігімізді нығайтар ұлық мереке аясындағы жылында аудан әкімінің міндетін атқарушы Серік Амралин құттықтау сөзбен ашып, мейрамның мәңгі маңызына тоқталды.

– 1990 жылғы 25 қазанда «Егемендік туралы» декларация қабылданды, еліміз тәуелсіздікке бет бұрды, азат болудың алғышарттары жасалды. Сондықтан біз үшін бұл күннің орны ерекше. Мемлекет басшысының «Біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі

бәрі-нен қымбат. Осы тұрақсыз, құбылмалы әлемде Қазақстанымыз бізден басқа ешкімге керек емес.

Сондықтан, маған елімінің амандығы мен жерімінің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ», – деген сөзі әрқайсымыздың жадымызда жатталып тұр. Сын сәттерінде

өзінің терең тарихы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары сақталып, Тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ халқы елі мен жері, көгінде желбіреген байрағы мен әуелген әнұраны бар мемлекет ретінде әлемдік саяси аренада ойып тұрып орнын алды. Сіздерді Ұлттық мерекемізбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, халқымызға береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін, – деді С.Амралин.

Мұнан соң қызметте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, ауданның әлеуметтік-

экономикалық дамуына субелі үлес қосып келе жатқан бірқатар аудан тұрғындарын аудан, облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттармен марапаттады. Егемендігіміздің бастауы болған ұлттық мереке – Республика күніне орай ұйымдастырылған мерекелік кеште «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі ән-күйден шашу шашып, көпшілікке ерекше көңіл-күй сыйлады.

Өз тілшімізден.

«Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді. Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Спорт инфрақұрылымдарының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек...»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев

## Ауыл спорты өркендеуде

Бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, дені сау ұрпақ тәрбиелеу бұл бүгінгі күннің басты межесі. Өйткені, өркениеті өркендеген мемлекеттермен үзенті қағыстырып, дамыған отыз елдің көшіне ілесу жолында бәсекеге қабілетті, ой-өрісі озық ұлттың ұрпағы ғана тегеурінге төтеп бере алады. Оның үстіне, спорттағы жетістік мемлекет мерейін асырып, әлем елдері арасындағы беделді өсіретіні анық. Сондықтан қазір елдің барлық өңірінде спорт кешендері көптеп бой көтеруде. Соның бірі – Сарытерек ауылында ашылған жаңа корт.



24 қазан күні Сарытерек ауылында балалар мен жастарға арналған көп салалы хоккей корты пайдалануға берілді. Ашылу салтанатына ауыл ақсақалдары, жастары Ақтоғай ауданының мекеме басшылары арнайы қатысты.

Спорттық нысанның лентасын ауданы әкімінің міндетін атқарушы С.Амралин қиып, сарытеректіктерді мерекеміз құттықтады.

– Ел спортының еңсесін көтеру үшін ауыл-аймақтағы спортты дамыту керек. Ауданымызда жастарды спортқа баулу, бұқаралық спортты дамытуға айырықша көңіл бөлінуде. Бұл ретте әрине, өңірде спорттық

инфрақұрылымдардың жаңа заман ағымына сай бой көтеріп, спорт залдары жасөспірімдерге толығы бастауы көңілді қуантпай қоймайды. Өйткені, спорт пен денсаулыққа көңіл бөлген қоғамда жаман әдет пен әрекеттерге орын болмасы анық, – деп сөз сабақтаған С.Амралин бірқатар жас спортшыларға арнайы сыйлықтар табыстады.

Шара ауыл өнерпаздарының дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты. Кортта ауыл жастары қыс айларында хоккей ойнап, мұзда сырғанаса, жазда шағын футбол ойнайды.

Думан ҚАБЫЛ,  
Сарытерек ауылы.

## Ұрпақ тәрбиесі үшін маңызды мереке

Баршамызға белгілі, күз маусымында Жер ананың адам баласына ұсынар мол ырыс-несібесі дикандардың таңның атысы, күннің батысы тынбай еңбек етуінің арқасында камбаға құйылады. Сондықтан да астық пісіп, оны шашпай-төкпей жинап алу ісі дәл осы күз айларында жүзеге асырылатындықтан, осы маусымға халқымыз «Алтын күз» деп айдар таққан.

Күз мезгілінде халық несібесі, ел ырзығы ғана жиналып қоймайды, сондай-ақ оның осы кезеңде ұрпақты еңбекке, отансүйгіштікке баулу, табиғатты тану, Жер ананың қасиетін білу және басқа да игі істер негізінде тәрбиелеу ісінде орны айқындала түседі. Мәселен, жыл сайын мол байлығын ұсынар күз маусымы келгенде мектептер, балабақшалар тақырыпқа сәйкес безендіріліп, осы бағыттағы түрлі танымдық-мерекелік шаралар тәрбиелік мәні зор құралға айналады. Сөзіміз дәлелді болу үшін айта кетейік, 24-қазан күні ауданның білім бөлімінің ұйымдастыруымен

24-қазан күні ауданның білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Алаш» алаңында Республика күніне орай «Алтын күз» көрме-жәрмеңкесі өтті.



25 қазан Республика күні мерекесіне орай «Біз – ел болашағы» атты шара ұйымдастырылып, «Алтын күз» көрме-жәрмеңкесі өтті.

Вело шерумен басталған шара, мемлекеттік гимн орындалды. Мерекелік жиында сөз алған аудан әкімінің міндетін атқарушы Серік Амралин

жиналған жұртшылықты, мектеп ұстаздары мен оқушыларын атаулы күнмен құттықтады.

Бағдарлама аясында «Қара жорға», «Қазақстан» және қазіргі «Тик ток» желісінде танымал трэнд әндерге оқушылар арасында флэшмоб, көрермендер арасында викториналық сұрақтар ұйымдастырылып, сыйлықтар берілді. Сиқырлы күз тақырыбында дефиле костюмдер шеруі ұйымдастырылды.

Ә.Бөкейхан, К.Байсейітова атындағы орта мектебі, «Аққыз» бөбекжайы, Өнер мектебі және Қосымша білім беру орталығы оқушыларының қолынан шыққан бұйымдар, түрлі тағамдардан жәрмеңке және жеміс-жидек, көкөністерден аудан жұртшылығына көрме ұсынылды.

Мереке ән шашу мен диско биге ұласты. Сары самаурыннан шәй беріліп, алаңға жиналған аудан жұртшылығына жақсы көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Г.Алимжанова,  
ауданның білім бөлімінің әдіскері.



**2023 жылғы 26 қарашаға тағайындалған Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі әкімін сайлауды әзірлеу мен өткізу жөнінде Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА**

Ақтоғай ауданы, Ә.Бөкейхан көшесі 11Г, Ақтоғай ауданының «Ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-нің ғимараты, тел 8 (71037) 21167  
 Райымбеков Жанболат Жанатбекулы – комиссия төрағасы,  
 Каримхан Куанышбек Оқенұлы – төрағаның орынбасары,  
 Садуақасова Меруерт Дартайқызы – комиссия хатшысы,  
 Комиссия мүшелері – Сейлханов Носерғали Сейдығалиұлы, Сейсенбаева Асем Сайлаубековна, Едебекова Гульнур Казтайқызы, Сейсекева Мейрамгуль Сергейқызы.

**2023 жылғы 26 қарашаға тағайындалған Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі әкімін сайлауды дайындау және өткізу бойынша учаскелік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жері**

**№ 451 сайлау учаскесі**

Сайлау комиссиясының құрамы  
 Шардарбеков Данияр Асқарұлы – төраға,  
 Жанабеков Азамат Жанабекович – төраға орынбасары,  
 Әлжанова Орынғұл Мәдениетқызы – хатшысы,  
 Комиссия мүшелері – Сейтжаппарова Гульмира Берикпаевна, Боранбаева Толқын Ахатовна.  
 Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Жастар көшесі, 5Б. Клуб үйі.

**№ 452 сайлау учаскесі**

Сайлау комиссиясының құрамы  
 Садуақасова Манар Игисинқызы – төрайым,  
 Саденов Канагат Кажымуканович – төрайым орынбасары,  
 Акбузауова Анар Жакановна – хатшысы,  
 Комиссия мүшелері – Касенбекова Нургул Еремекқызы, Темиргалиева Алтын Шынарбековна.  
 Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Үшарал ауылы, Бәйтерек көшесі, 61. Клуб үйі.

**№ 453 сайлау учаскесі**

Сайлау комиссиясының құрамы  
 Кейкибаева Нурғайша Узақбайқызы – төрайым,  
 Даданбаев Омиргалы Ыбыкенұлы – төрайым орынбасары,  
 Рысмағанбетова Куаныш Арыстановна – хатшысы,  
 Комиссия мүшелері – Сейтжаппаров Омиргазы Берикбаевич, Ержанова Фарида Кенжеханқызы.  
 Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Қарақой ауылы, Ғарышкерлер көшесі, 7. Қарағой бастауыш мектебі.

**№ 454 сайлау учаскесі**

Сайлау комиссиясының құрамы  
 Иманбеков Курмет Сериктаевич – төраға,  
 Искаков Кажымурат Тишбекулы – төраға орынбасары,  
 Батей Гулнар Амзбекқызы – хатшысы,  
 Комиссия мүшелері – Скаков Даулет Төлежанұлы, Медетбек Айдын Мұхитұлы.  
 Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Жаланаң ауылы, Астана көшесі, 22А. Клуб үйі.

Ақтоғай ауданының сайлау комиссиясы.

**2023 жылғы 26 қарашаға тағайындалған Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі әкімін сайлауды дайындау және өткізу бойынша учаскелік сайлау комиссияларының шекаралары**

**№ 451 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Жастар көшесі, 5Б. Клуб үйі.  
 Сайлау учаскесінің шекарасы: Сәуле ауылы бойынша Достық көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 21, 24, 25, 27, 27Б, 28, 29, 30/2, 31, 31/2, 32, 32/1, 33, 35 үйлер, Бейбітшілік көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 35 үйлер, Тоқырауын көшесіндегі № 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18 үйлер, Тәуелсіздік көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 10, 13, 14, 15, 17, 18, 21, 22 үйлер, Жастар көшесіндегі № 8, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20 үйлер, Қоңырат көшесіндегі № 1, 2, 3, 5, 7, 8/2, 8А, 9, 10, 12, 14, 15/1, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 27, 28, 29/1 үйлер, Ақтоғай ауданының 80 жылдығы көшесіндегі № 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 24 үйлер, Республика көшесіндегі № 1, 2, 4, 7 үйлер және Қырғыз қыстағы.

**№ 452 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Үшарал ауылы, Бәйтерек көшесі, 61. Клуб үйі.  
 Сайлау учаскесінің шекарасы: Үшарал ауылы бойынша Бәйтерек көшесіндегі № 1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27А, 28, 29, 30, 30/1, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 39/1, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 47А, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56/2, 57, 58 үйлер және Көрпетау, Үшарал, Күнгеі, Жаланаң, Жиенбай, Нүркей, Нұртай, Дөңгелек ағаш, Қараағаш қыстақтары.

**№ 453 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Қарақой ауылы, Ғарышкерлер көшесі, 7. Қарағой бастауыш мектебі.  
 Сайлау учаскесінің шекарасы: Қарақой ауылы бойынша Ғарышкерлер көшесіндегі № 1, 2, 4, 5, 6, 7/2, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 үйлер және Айқай, Склад, Мұхаметжан, Тінәлі қыстақтары.

**№ 454 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Жаланаң ауылы, Астана көшесі, 22А. Клуб үйі.  
 Сайлау учаскесінің шекарасы: Жаланаң ауылы бойынша Астана көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 24, 25, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 39, 40, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 48 үйлер және Теке, Сарыарқа, Қашқынбай, Ақбұлақ, Жанкел қыстақтары.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

**\*Мемлекеттік қызмет**

**Об итогах работы дисциплинарных комиссий государственных органов**

Согласно Закону «О государственной службе Республики Казахстан» за невыполнение или ненадлежащее выполнение служебных обязанностей государственные служащие несут гражданско-правовую, дисциплинарную, административную, уголовную ответственность в соответствии с законами Республики Казахстан.

Одним из видов ответственности, а также часто применяемым является дисциплинарная ответственность. При этом, государственные служащие могут быть привлечены к дисциплинарной ответственности только при наличии факта совершения дисциплинарного проступка. В связи с чем, законодатель определил понятие совершения дисциплинарного проступка, а также порядок наложения дисциплинарного взыскания.

Таким образом, государственные органы при рассмотрении дисциплинарной ответственности служащих должны неукоснительно соблюдать установленные требования, так как их несоблюдение могут привести к нарушению прав самих служащих.

Законодательством также предусмотрены механизмы защиты прав государственных служащих. Так, в случае если государственный служащий не согласен с фактом совершения дисциплинарного проступка, то государственный орган обязан изучить обстоятельства дела путем проведения служебного расследования

для обеспечения всесторонности и объективности, результаты которого рассматривается дисциплинарной комиссией.

При этом, государственный служащий на любом этапе рассмотрение его ответственности может обжаловать действия и решения в уполномоченном органе по делам государственной службы или в суде. Вместе с тем, государственные служащие в основном соглашаются с фактом совершения дисциплинарного проступка, в связи с чем, их ответственность рассматривается без проведения служебного расследования.

Необходимо отметить, что зачастую государственные служащие привлекаются к дисциплинарной ответственности за ненадлежащее выполнение своих обязанностей, вследствие правовой неграмотности или из-за равнодушного отношения к своим обязанностям. На заседании Совета по этике анализ показал, что за 9 месяцев 2023 года по сравнению с аналогичным периодом 2022 года количество лиц привлеченных к дисциплинарной ответственности снизилось на 14%.

Кроме того, по сравнению с аналогичным периодом 2022 года на 50% снизилось количество лиц привлеченных к ответственности за дисциплинарные проступки дискредитирующих государственную службу.

Кроме того, с каждым годом снижается количество служащих привлеченных к ответственности за нару-

шение норм служебной этики.

В частности, за анализируемый период текущего года количество лиц привлеченных к дисциплинарной ответственности за нарушение норм служебной этики по сравнению с 2022 годом снизилось на 66%. Данные показатели указывает на результаты проводимых работ со стороны уполномоченного органа по делам государственной службы, Совета по этике и уполномоченных по этике, так как их деятельность, прежде всего направлена на профилактику нарушения норм служебной этики.

В случае выявления процедурных нарушений при наложении дисциплинарных взысканий, Советом по этике мы восстанавливаем права государственных служащих отменяя незаконно изданные акты. В свою очередь, в случае допущения нарушений при наложении дисциплинарного взыскания на государственных служащих можно обратиться в Департамент Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области (г. Караганда, проспект Н. Назарбаева, 39, тел.8 (7212)50-40-75), который является секретариатом Совета по этике.

**И.Есдаuletов,**  
 руководитель Департамента внутреннего государственного аудита по Карагандинской области, член Совета по этике в Карагандинской области.



**\* Халық үніне құлақ асатын үкімет**

*Күзгі таңғы салқынның лебі кешегідей емес бүгін тез сынды. «Шығыс жақтан бозалаң беріп ірең, Баяу ғана түріліп қара кілем». Қазанның манаурап атқан ақ таңы айналаға шуағын шаша, арайландырып тұр. Әдеттегідей журналистік жол сапардамыз. Тақым артқан темір тұлпарымыз ұзыннан жатқан тас жолдың сағымын қақ жартып келеді. Діттеген ауылымыз Сарытерек ауылдық округі. Ауыл – аудан орталығынан алыс емес. Ауылдың жаңалығы таусылған ба? Ауыл әкімі Қанат Серкебаев құшақ жая қарсы алып, көрікті де, көрнекті жерлерін аралап көрсетті.*

Келешекте ұлғайтуды да көздеп отыр. Негізінен биология сабағында оқушыларға егіншіліктің маңызын үйрету үшін таптырмас үйірме екен. Өнімін асханаға пайдаланады қажет болса. Өсімдікті өсіру арқылы малға азық дайындауды да меңгереді балалар. Болашақта бір малды осында бордақыға қоюды да ойлап отыр. Өйткені, мұны жеген мал тез семіреді екен. Ал, келесі бізді бір таңғалдырғаны – Сарытерек клуб үйіндегі «Алтын алқа иегерлері» аталатын аналар тақтасы. Оған Сарытерек ауылының алтын құрсақты аналарының портреттері ілінген. Барлығы – 46 ақ жаулықты абзал жандардың суреті.

автоматты түрде жұмыс істеп тұр. Шаруашылықтың бие сауудағы бір ерекшелігі бұрынғыдай құлын салып идіріп, уақыт жоғалтпайды. Алдына жем қойылған орынға кірген соң, сауыла береді. Осылайша, бие күніне бес рет сауылады. Одан әрі сүт қымыз ашытылатын арнайы ыдыстарға құйылады. – Осы жерде қымызды барлық бабымен пісіп, автоматты түрде бір жарым литрлік ыдысқа құяды. Саудаға шығаруға дайын күйінде қорап қағазға түседі. Бағасы да қымбат емес, қалтаға салмақ салмайды. Тап осы технологиямен сиыр сүтін де өңдеп, құтыға құюға болады.

халық саны 630 адам, оның ішінде экономикалық белсендісі 463 адам. Жалпы жер көлемі 284 707 га аумақты алып жатыр. Ауылшаруашылығы мақсатында пайдаланып отырған жер аумағының жалпы көлемі 187 510 га жер. Қазіргі таңда ауыл халқының күнкөріс көзі мал шаруашылығы. Осы орайда мал басын асырап, бағып-қағу оңайға соқпасы белгілі. Атап айтар болсам, жем-шөп-тің қымбаттығы, жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі, одан қалса кейінгі жылдары климаттың өзгеру салдарынан қуаңшылық жайлауы жығылғанға жұдырық болып отыр.

# Кез келген ұлттың түп-тампыры ауыл жұртында

Ауыл – қазақтың күретамыры, ұлт руханиятының бастауы десек, салт-дәстүр, мәдениеттің сарқылмас мол қоры ауылдарымызда сақталып келеді. Көпті көрген көнекөз қарттарымыз ауылда жатып-ақ, ұлт болашағы үшін ұрпақ тәрбиесіне үлес қосуда. Атасы мен әжесінің

Бұл суреттегілер жай ғана аналар емес, осы ауылдың, ауданның құрылуына, өсіп-өркендеуіне, дамуына өз үлесін қосқан батыр аналар. Ауданның демографиясын көтеріп, шаңырақтың берекесін кіргізіп, ер-азаматтардың берік сенімді серігі бола білген, еңбегімен даңқты болған аяулы жандар.

Қымызды халықаралық нарыққа шығарып, әлемге таныту үшін жаңа технологияларды қолданып отыр, – дейді Қ.Серкебаев. Жыл ішінде атқарылған жұмыстар, алда тұрған жоспарларды ауыл әкімі Қ.Рахметоллаұлы кеңінен баяндады. –Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Осы тығырықтан шығу жолдарын қарастыра отырып, 2022-23 жылдар аралығында Сарытерек елді мекені тұрғындарының мал жайылымын кеңейту мақсатында, Сарытерек әкім аппараты тарапынан (резервке) 4 жыл 11 ай мерзіміне ауыл тұрғындары пайдалану үшін 4500 га жер теліміне өтініш беріліп, толығымен қанағаттандырылды.



2022 жылы бюджеттік кірістер 41186,0 мың теңгені құраса, 2023 жылы 66785,0 мың теңгені құрады. 2022 жылы салықтық түсімдер 1747,0 мың, мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кіріс 215,0 мың, Аудандық бюджеттен трансферттік түсім 39113,0 мыңды құраса, 2023 жылы салықтық түсімдер 2474,0 мың, мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кіріс 113,0 мың, Аудандық бюджеттен трансферттік түсім 64198,0 мыңды құрады. Ал 2023 жылға арналған Сарытерек ауылдық округінің бюджет шығыстары 66785,0 мың теңге болып бекітілді. Атап айтатын болсам, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге

тәрбиесін көрген қарадомалақтар ұлт мәдениетінің мөлдір тұмасынан сусындайды. Бүгінде өңірімізде өркендеп, дамып келе жатқан ауылдар аз емес. Түрлі мәдени ошақтар орналасып, инфрақұрылымдары жетіліп, қарапайым қараша жұрттың қарашаңырағына айналған Ақтоғай ауданындағы игі бастамалары ілгері жылжыған үздік ауылы – Сарытерек. Іс сапар барысында біздің назарымызға ерекше іліккен Ж.Кеңесбаев атындағы мектептегі ауыл шаруашылығын дамытуға арналған «Гидропоника» қосымша білім беру үйірмесі. Мұнда балалар бос уақытын тиімді өткізіп, білімін жетілдіреді. Гидропоника – суда өсіру деген сөз. «Гидропоника» қосымша білім беру үйірмесінің мұғалімі Фарида Төлешованың айтуынша, негізгі жұмысы – ауыл шаруашылығына дөңді дақылдарды дайындау, балаларды ауыл шаруашылығы саласына баулу. Мұнда топыраққа дақыл, өсімдіктер егу шаруашылығы да ашылууда екен. Оған көшетті осы үйірме дайындайды.

Елді мекенде басында биыл «SAQ NS» шаруашылығы қымыз өндіретін цехын ашқан болатын. Жобаның негізгі бағыты – қымыз өндіру. Серіктестік бүгінде шаруасын дөңгелетіп, табысын еселеп келеді. Дәмі бал татитын қымызына деген сұраныс тіптен көп. Арнайы тапсырыспен алдыратындар да жетерлік. Серіктестік жалпы саны 200 сауын биеден күніне 1000 литр қымыз алып отыр. Алдағы уақытта бие басын көбейтумен қатар, ет өнімін шығаруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, сиыр сүтін өндіріп, өткізу мақсатында «Natige» ЖШС-мен меморандум жасалған. Шаруа жайымен ауыл басшысы таныстырды. Қымыз өңдеу цехын аралағанда, кішігірім зауытты көргендей болдық. Сауылғаннан бастап, құтыға құйылып, дүкенге түсетін қымыз тауарға айналғанға дейінгі процесті қамтитын үлкен жүйе – неміс технологиясына сүйенеді екен. Адамның араласуын қажет етпейтін, айнадай жарқыраған өңсең автоматты құрылғылар. Қымыз толтырылатын заманауи күбі де



Кемелұлының биылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған мәселелер ауыл әкімдеріне, басшылыққа үлкен міндеттер жүктейді. Сарытерек ауылдық округіндегі

36613,0 мың, мемлекеттік органның күрделі шығыстары 800,0 мың, елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға 7945,0 мың, санитариясын қамтамасыз етуге 500,0 мың және абаттандыру мен көгалдандыруға (Жалғасы 5-бетте).



10927,0 мың, (оның ішінде 10284,0 мың Сарытерек ауылына әмбебап хоккей кортын салуға, 643,0 мың абаттандыру жұмыстарына) ауылдық округте автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 10000 мың, (оның ішінде ауылдық округте автомобиль жолдарын құр-



делі және орташа жөндеуге 9000 мың, қыс уақытында елді мекен жол қатынастарын қардан тазаруға 1000 мың) қаражат болып бекітілді.

Қазіргі таңда 2023 жылға бөлінген қаражат 84,6 % пайызға игерілді. Жеке тоқталар болсам «Ақшол» көшесі бойына 18 диодты көше шамдары орнатылса, осы көше бойының көтерме жолына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, толығымен аяқталды. Сарытерек ауылының орталық көше бойына әмбебап хоккей корты салынып, пайдалануға берілді. Сонымен бірге істен шыққан 60 дана көше шамдары ауыстырылды.

«Ауыл тұрғындарының табысын арттыру жобасы» бойынша қаржыландыруға тоқталсақ. Осы пилоттық жоба аясында жұмыс жасап өз кәсібін ашып, табысын арттыруға қазіргі таңда 2 ауыл шаруашылығы кооперативі, 11 жеке



аула үй іргесіндегі жер учаскелерді тиімді пайдалану (жылыжайлар қаржының шекті көлемі 20 миллионға дейін), мал шаруашылығын дамыту (қаржының шекті көлемі 5 миллионға дейін), ауыл сыртындағы егістік жерлерді тиімді пайдалану, ауыл шаруашылығы кооперативтерін жабдықтау, жеке кәсіпкерлікті дамыту (өндіру, өңдеу және қайта өңдеу, қаржының шекті көлемі 20 миллионға дейін) өтемақы 2,5 пайыз мөлшерінде несие алып, өз кәсіптерін ашуға ниет білдірді. Қазіргі таңда 2 ауыл шаруашылығы кооперативі, 10 жеке аула 77 миллион теңге қаражаттарын алып жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Сонымен қатар 2022 жылы ауылғы 63 миллионға инвестиция тартылып ауыл азаматы Мұхамедиев Нұрым неміс технологиясы арқылы өндірілетін қымыз өндіру цехын салды. 2023 жылдың сәуір айында өз жұмысын бастаған серіктестік қосымша наубайхана ашып, халыққа қызмет көрсетуде. Сонымен бірге

ауылымыздың кәсіпкері Төлепберген Қизат ескі балабақша ғимаратын алып, заман талабына сай 250 адамға арналған тойхана, салып халық игілігін көруде, – дейді ауыл әкімі.

Еліміздің экономикалық әлеуетін көтеретін негізгі құрғамыр – ауыл шаруашылығы. Асыраушы саланың егіншілік, жеміс-жидек, көкөніс, төрт түлікті түлету, тағы басқа да толып жатқан бағыттары бар. Өткен жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұратынын мәлімдеп, Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған жоспарын әзірлеуді тапсырған болатын. Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлыққа да қол қойды.

Агроөнеркәсіптік сала бойынша Сарытеректе өркен жайған өрелі іске бет бұрсақ, округ аумағында 68 шаруа қожалығы тіркеліп ұмыс жасайды. Бүгінде ауылдық округтің 12 шаруа қожалығы асыл тұқымдық түрлендіру бағытындағы жұмыстарын жалғастыруда. Шаруа қожалықтарын жаңа ауыл шаруашылық техникаларымен қамтамасыз ету бойынша жоспар 7 техника болса 12 ауылшаруашылығы техникалары алынып, 171 пайызға орындалған. 2023 жылдың 1 шілдесіне мал санағы бойынша ірі қара мал – 8507 бас, жылқы – 4758 бас, ұсақ мал – 16567, құс – 2346 басты құрайды. Бұл өткен жылдың

осы кезеңімен салыстырғанда ірі қара, жылқы малының басы өскен.

Еліміз үшін халықтың әлеуметтік жағдайы қашанда алдыңғы қатардағы мәселе болып келеді. Егемендікке қол жеткізген күннен бастап бүгінге дейінгі еліміздің әлеуметтік жағдайының өсуінің, халық тұрмысының түзелуінің басты кілті де сонда. Сондықтан бұл қарапайым ғана сала деп есептеуге келмейді. Өте ауқымды әрі жауапты салалардың бірі. Соңғы жылдарды мемлекет тарапынан әлеуметтің әлеуетін арттыруды көздейтін көптеген бағдарламалар әзірленді. Бұл жұмыссыздық мәселесін түбегейлі жоймаса да іскер азаматтардың кәсібіне жан бітіріп, жастарды жұмыспен қамтуға жол ашты. Ауыл әкімінің айтуынша жыл басынан бастап ауылдық округте 3 адам жұмыссыздыққа тіркелген. Тұрақты жұмыспен 2 адам, маусымдық жұмыспен 8 адам қамтылған. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнеткерлік жасқа дейінгі азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартуға бағытталған «Күміс жас» жобасы бойынша 4 адам жұмысқа

«Балбөбек» шағын орталығы жұмыс жасап отыр, шағын орталықта 10 бүлдіршін күні бойы толыққанды тәрбие алуда.

Ауылдық округтің клуб үйінде 1 меңгеруші, 1 күзетші, 1 тазалықшы жұмыс жасайды. Халыққа үлгілі әрі сапалы мәдени-рухани қызмет көрсету – өмір талабы. Ауыл мәдениетін өркендету, халықтың рухани сұранысын қанағаттандыру бағытында арнайы іс-шаралар жоспарын түзіп, атаулы мерекелерді, концерттерді, ауқымды бұқаралық мәдени іс-шараларды, семинар-кеңестерді жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Тұрғындар, жас дарынды өнарпаздарды қолдау, олардың шығармашылығына көмек көрсету мақсатында мәдениет үйі, кітапханалардың қалың жұртшылыққа қашанда есігі ашық. Барлық мерекелік шаралар уақытында өткізіліп, әлеуметтік желілерге жарияланып отырады.

Қазақстан халқына арналған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауда «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең



қабылданыпты. Ал, қоғамдық жұмысқа 4 адам тартылған.

– Қазына қаржысы екі мақсатқа ғана жұмсалып тиіс. Ол – экономика мен әлеуметтік мәселелерді шешу. Президент пәрмен берген қос бағыт та әлеуметтің әлеуетін арттыруға бағытталған. Алдымен – білім сапасы. Өйткені білімі жоқ елдің – болашағы бұлыңғыр. «Бір елдің болашағын көргің келсе, сол елдің жастарына қара» – деп ұлағалар айтқандай, еліміздің негізгі тірегі – білімді, білікті жастар. Жас ұрпақтың бойындағы табиғат берген қабілеттілікті тани білу, жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру мұғалімнің, ұжымның бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеуін талап етеді. Осы орайда ынтымағы жарасқан, нәтижеге бағытталған білім беру ісінде табысты жұмыс жасап келе жатқан округтегі Ж.Кенесбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ. Білім ұясында барлығы 30 мұғалім (20 мұғалім жоғарғы білімді, 9 арнаулы білімді) жұмыс жасайды. Қазіргі таңда 65 оқушы білім алу үстінде, 11 сынып толық жинақталған. Мектеп қабырғасында қосымша білім беру бағыты бойынша робототехника, гидророника сыныптары ашылып, білім беріп жатыр. Мектеп қабырғасында 23 оқу кабинеті толық жабдықталған.

бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды», – делінген. Шындығында да қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Елімізде денсаулық саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету жолында бар мүмкіндіктер жасалуда. Ауылдық округ бойынша 1 ОДЖ жұмыс істеп тұр. Мұнда 1 дәрігер, 4 медбигі, 1 тазалықшы 1 авто жүргізуші жұмыс істейді. Ауылдық округ бойынша 5 нәресте дүниеге келді. Денсаулық сақтау саласы бойынша күнделікті жұмыстар атқарылууда, – дейді Қ.Серкебаев елді мекеннің тыныс-тіршілігі жайында.

Шағын ауылдарды дамыту мен гүлдендіру – үкімет алдындағы үлкен мәселенің бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында осы тақырыпқа баса тоқталып, кешенді бағдарламаларға бастамашылық танытуда. Мемлекет тарапынан ауылды және агроөнеркәсіп кешенін дамыту шаралары қабылданып, іске асуда. «Біз кез келген ұлттың түп-тамыры ауыл жұртында жататынын естен шығармауға тиіспіз...»

**Думан ҚАБЫЛ,**  
**Сарытерек ауылы**



1940-шы жылдары аудандық оқу бөлімінің құжаттарына зер салғанымызда, сол кездегі мұғалімдердің жазуы мөрдей, әрі сауатты жазылғаны қайран қалдырады. Мәселен, Қоңырат аудандық оқу бөлімінің бастығы Қыдырбаевтың (құжатта солай жазылған) 1940-1941 оқу жылындағы жылдық оқу есебінде мынадай деректер келтірілген: «Аудан көле-міндегі бастауыш, орталау, орта мектептерде оқуға тартылғаны – 1101 бала, I-IV кластарда – 37 мұғалім, V-IX кластарда – 25 мұғалім болды. Бұлардың орта дәрежелі білімі бары – 28, ортадан жоғары білімі бары – 2, ортадан төмен білімі бары – 32, барлығы – 62 мұғалім бар», – деп жазылған. Барлық мұғалімдердің ішінде педучилищеде сырттай оқитыны – 20, пединститутта оқитыны – 6, аудан бойынша барлық сырттай оқитын мұғалімдер саны – 26 деп көрсетілген. Қоғамдық ұйымдар жұмысына Кеңесбаев, М.Сқақов, Алхамбаев, Байболин, Мукашев, Тоймбеков, Ботбаев, Өскембаев, Бекбауов (құжатта солай жазылған) сияқты оқушылар белсене атсалысады. Орта, орталау мектептерде 3

1924 жылдары туылған ер азамат-тарға хат таныту мен орыс тілін үйрету үшін мына мұғалімдерге міндеттелген. Олар: Тусупбеков, Сураубаев, Калиоллина, Мыңшалов, Бекбауов, Нарым-беков, Молдабеков, Кузембаев, Бояубаев, Ешнақаев, Шарипов, Қурманбеков, Макенов, Ақбокеев, Сағатов, Мухадиев, Қожамбаев, Байғожин, Мусабеков, Смағұлов, Байбуллин, Альжанов, Баймағанбетов, Қоқымова, Бабашов, Башановтар (құжатта солай жазылған) еді.

Жоғарыда айтылған деректерден біздің байқанымыз оқушылар санына шаққанда мұғалімдер санының аздық ететінін және жоғары білімді мұғалімдердің жетімсіздігі көрініп тұр. Дегенмен, күрделі кезеңдердің өзінде білім саласында алға қарай ілгерілеушілікті де байқауға болады. Соған қоса, 4 кластық оқуда қандай пәндерді оқығанын аңғарамыз. Қоңырат ауданының (қазіргі Ақтоғай) алғаш құрылған он жылдығында және Ұлы Отан соғысы тұсында аудандық білім саласының көрінісі осындай еді.

Сырым, Берікқара, Қарақой тағы сондай басқа да бастауыш мектептер ашылды. Бұл мектептерде кейін Шәріпов, Жөкенов, Ермеков, Жиенқұлов, Күлмағанбетов, Кәріпбаев, Молдыбаев, Жаманбалин және тағы да басқа мұғалімдер еңбек етті.

1934-35 оқу жылында Ақтоғай селосында ШКМ (школа крестьянской молодежи) онжылдық мектеп болып қайта құрылды. 3-4 кластар болды, онда небәрі 115 бала оқыды. Мектеп жанындағы интернатта 40 оқушы жатты. Интернат қазіргі сот конторы, интернаттың асханасы орналасқан үй болатын. 1939 жылы Пролетариаттың ұлы жазушысы М.Горькийдің қайтыс болуына байланысты №1 орта мектеп М.Горькийдің есімімен аталатын болды. 1935-36 оқу жылында Қарашөңгелде (XXII партсъезд атындағы совхоздың ескі орталығы), 1 Май атындағы совхозда С әрпі тектес мектеп құрылысы салынып, пайдалануға берілді. 7 класс бөлмесі бар. Бұл құрылысты жергілікті ағаш шебері Сәдікей Бошанов, Опабек Тойшыбеков тағы басқалары салған еді. Сол жылы жеті жылдық мектепке айналып, мектеп

## Халыққа білім беру ісінің даму тарихы

балалар кітапханасы жұмыс жасайды. Аталмыш кітапханалар оқушылардың оқуына лайықты әдебиет кітаптарымен жабдықталған.

**Оқу тәрбиі жұмысы жайында.** Аудан бойынша кластан-класқа көшкен оқушылар – 989, күзгі сынға қалғаны – 46, екінші жылға отырып қалғаны – 66.

Мұғалімдер сабаққа үнемі дайындалып келеді. Сабақ жоспарын жасап, қолдағы бар көрнекі құралды мүмкіндігіне қарай пайдаланады. Сабақ барысында практика мен теорияны байланыстыру жақтары болып отырады. Оқушылар үйге берген тапсырманы орындап отырады.

**Оқу жоспары мен бағдарламаның орындалуы.** Аудан көлемінде 23 бастауыш, 4 орталау, 1 орта барлығы 28 мектеп бар. Бұлардың оқу үлгерімі 89,9 %, қатысуы 98,2 %, бағдарламаның орындалуы 100 %.

**Мектептен тыс жұмыстар.** Мектептерде «Ән-күй», «Домбыра», «Дене тәрбиесі», «Күдайсыздар ұйымы» (Кеңес үкіметі кезінде дінге қарсы саясат жүргізілуіне байланысты құрылған) секілді 105 үйірме жұмыс жасайды. Бұларға 664 оқушы қатысты. Мұғалімдер үйірме жұмысына қатысып, үнемі басшылық жасап отырды деп жазылған.

Аталмыш деректерде мынадай мектептер аталады. Олар М.Горький атындағы орта мектеп, Сталин, Тельман, Өндіріс, Киров орталау мектептері мен Киров, Кіндікті, Бірлестік, Таң бастауыш мектептері.

1939-1940 жылдары мектеп бітіргендігі жөніндегі куәліктерді тіркеу кітабынан 1939 жылы 7 маусымда Галиханов Сейтжанның Қоңырат ауданы (қазіргі Ақтоғай ауданы), Ақтоғай ауылындағы М. Горький атындағы мектептің (қазіргі Ө.Бөкейханов атындағы мектеп) 4 кластық толық курсы орыс тілі, арифметика, көркем сызу, география, тарих, дене тәрбиесі, қазақ тілі, ән-күй пәндерінен өте жақсы, сурет сабағын жақсы деген бағамен аяқтап, куәлік алғаны жазылған.

1941 жылғы жеке құрам бойынша берілген бұйрық кітаптарында бастауыш сыныптарға С.Қожамбаев, А.Жандығұлов, И.Сұраубаев, М.Сқақов, V-X кластарға орыс тілінен Калмыкова, Дорошенко, қазақ тілі мен әдебиетінен Жаров, М.Алхамбаев, физматтан Өміртаев, Байбуллин, географиядан Әлікұлов, Мыңшалов, тарих пен конституциядан Абильдин, А.Сыздықов, неміс тілінен А.Б.Шнар (құжатта солай жазылған) жиналыс барысында секция жетекшілері болып тағайындалғаны жазылған. Сондай-ақ, Қоңырат аудандық оқу бөлімінің бастығы Мергенбаевтың (құжатта солай жазылған) 30.05.1942 жылғы № 58 бұйрығымен Қаз ССР оқу халық комиссариатының 08.05.1942 жылғы № 797 санды телефонограммасын негізге ала отырып, барлық ағарту қызметкерлеріне 1942 жылы демалыс берілмейтіндігін ескерткен. Ұлы Отан соғысына байланысты аудан бойынша 25 колхоздағы 1920-

Ақтоғай аудандық білім бөлімінің аудандық архив қорында сақтаудағы құжаттары 1939-1940 жылдардан бастап сақталғандықтан жоғарыдағы деректерді 1939-1940 жылдардан бастап келтірген себебіміз де осы. Осыған орай, аудандық білім саласының алғашқы даму тарихын жан-жақты қамту мақсатында аудандық архив қорында сақтаудағы Ағдарбек Кенжебековтың қорынан білім саласы жайында жазған естелігімен толықтырғанды жөн көрдік.

«Ел ішінде бірде-бір мектеп болмады. 1917-1920 жылдар аралығында аз да болса сауаты бар азаматтар бірен-саран балаларды үйлерінде оқытып, сауатын ашатын. Қазақ ССР еңбек сіңірген мұғалімі, Ленин және «Еңбек Қызыл Ту» орденді мұғалім Жабас Кеңесбаев, Ленин орденді, 40 жылдан артық халық ағарту саласында қызмет істеген мұғалімдер Мақай Ысқақов, Әбдірахман Смағұлов өздерінің алғашқы қызметін осы кезеңдерде бастаған болатын.

Ең алғаш мектеп 1921 жылы Балқаш болысында ашылды. Бұл бастауыш мектеп еді. Ұйымдастырушы, алғашқы мұғалімі Иманбек Тарабаев деген кісі болды. Осы мектепте оқып, білім алғандардың бірі ұзақ жыл Совет қызметінде істеген, кейін аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің қызметкері болған Әуелбек Божықаев.

Елімізде индустрияландыру және коллективтендіруге бет бұрыс жасаумен бірге халыққа білім беру ісі қолға алынды. 1927-1929 жылдары Шылымда («Қаратал» совхозы), Ақбұлақта («Қызыларай» совхозы), Қызылтаста, Оян серіктігінде («Қоңырат» совхозы), Дуанда (XXII партсъезд атындағы совхоз) бастауыш мектептер ашылды. Бұлардың әрқайсында 15-тен және 30-ға дейін бала оқыды.

Бұл кезде сабақ берген мұғалімдер Смағұлов, Кеңесбаевтармен қоса Иса Сұраубаев, Ермеков, Сейфуллин, Әбіжанов, Абдуллин, Есенжолов тағы басқалар болды.

1927 жылы ашылған Ақбұлақтағы бастауыш мектепте, ағаштан құрастырылып мектеп салынды. 1929 жылы Ақбұлақ бастауыш мектебі колхоздың орталығы болған Ақжарыққа («Қызыларай» совхозының орталығы) көшіріледі. Мұнда 1-2 кластар болды. Онда 20-дай бала оқыды. Аудан орталығының Ақтоғайға көшірілуіне байланысты Дуандағы бастауыш мектеп те көшірілді. Бұл кейінгі М.Горький атындағы № 1 орта мектептің негізі еді.

1930 жылы 40 шамалы ғана оқитын бастауыш мектеп болатын. Сол жылы бастауыш мектеп коммунистік жастар мектебі болып қайта құрылды. Арнаулы педагогикалық орта білімдері бар Абдуллин, Есенжоловтар сабақ берді.

1933-1934 жылдары Қоңырат, Екпін, Қуаныш, Жаңа тұрмыс, Жамшы, Бірлестік, Сарыши, Үш өзек, Қарақұла, Қарашілік, Қарабұлақ, Таң, Қопа, Бидайық,

революционер С.Сейфуллиннің есімімен аталды. Отан соғысы кезінде бастауыш мектеп болып қалды.

1936 жылы ауданымыздың мектептеріне арналып бірталай құрылыс үйлері салынды. 1936-1937 оқу жылында Бірлестік бастауыш мектебі жаңа үйге көшті. Кейін ол бөлімше кеңесі болды. 1936-37 оқу жылында Сарытерек ауылшаруашылық артелине артелдер аралық мектеп үйі салынды, мектеп жетіжылдыққа айналды. 1936 жылы Киров совхозында мектеп жетіжылдық мектепке айналды. Бұл мектепте 1938 жылы Совет Одағының батыры атағын алған Қазбек Нұржанов мұғалімдік қызмет атқарған болатын. 1936-1937 оқу жылында оқытушылар институтын бітіріп, үш мұғалім Ақтоғай селосындағы орта мектепке келіп, сабақ берді. Бұл ортадан жоғары білімі бар аудандағы тұңғыш кадрлар еді. Соның бірі Сәрсенбай Әбілдин кейін мектеп директоры болды. 1937-1938 оқу жылында №1 М.Горький атындағы орта мектепте 300-ге тарта оқушы болды. 12-13 мұғалім сабақ берді. Көпшілігінің білімі төмен еді. 1938-1939 жылы орта білімді Жабас Кеңесбаев мектеп директоры болды. Сағадия Мыңшалов, Жанәділ Сапарғалиев осы кезеңдерден сабақ беріп келеді.

1939-1940 оқу жылында мектепке жаңа құрылыс салынып, пайдалануға берілді. Мектептің бұрынғы құрылысында оқу бөлімі, балалар бақшасы орналасы (кейін мәдениет үйі). 1940-1941 оқу жылында 10 класта 13 оқушы оқыды. Ұлы Отан соғысы басталды.

1941-1942 оқу жылындағы 10 класс оқушылары 1941 жылдың күзінде майданға аттанды. Отан соғысы жылдарында 10 класс болмады. 1946 жылы Жабас Кеңесбаевқа «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атақ берілді. Соғыстан кейін мектеп бітірушілер 1946-1947 жылы ғана болды. Облыстық радио, телестудия қызметкері Масұғұт Халиоллин, мәдениет бөлімінің меңгерушісі Әшембек Әбдіғұлов, мұғалім Лиза Адамбаева, Жүнісов, Түсіпбекова, Қыдырбаев осы мектептің тұңғыш түлектері болатын.

1948-1949 оқу жылында мектепті 15 оқушы бітірді. 1949-1950 оқу жылында бала саны аз болғандықтан, 9-10 кластар болған жоқ. Жоғары 8 класта 15 оқушы болды. Аудан мектептерінде 1948 жылы оқушылар институтын Қадыр Изаков, 1949 жылы Әубәкір Төлеубаев, Әшембек Әбдіғұлов, Лиза Адамбаева мұға-лімдер институтын бітіріп келді.

1950 жылы Заманбай Игілікөв қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып сабақ берді. Бұл аудандағы тұңғыш жоғары білімді мұғалім еді.

1951-1954 жылдары аудан мектептеріне өз түлектері жоғары оқу орнын бітіріп келе бастады. Олардың алғашқылары Ә.Қанафин, А.Сейд-ахметов,



### Хабарландыру

«Үштоған» ЖШС 2023 жылғы 6 қарашада «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы, Кежек ауылдық округі аумағында орналасқан мемлекеттік орман қоры жерлерінің санатынан басқа санаттағы жерлерге ауыстыру» тақырыбы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жария талқылаудың бастамашысы: «Үштоған» ЖШС, Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 158, 1 кенсе. Тел: +7 (727) 272 31 49, +7 (777) 017 70 27, email: elendostyk@gmail.com, БСН 140 840 011 001.

Әзірлеуші: «Центргөлсъемка» ЖШС, БСН: 150140011463, Қарағанды қаласы, Свободный көшесі, 9 үй, тел: 8 (7212) 418588, email: zaocgs@mail.ru.

2023 жылғы 06 қарашадан бастап 20 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар беру үшін құжаттама пакетімен бірінші экологиялық порталда <https://ecorportal.kz/> «жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

### Объявление

ТОО «Уштоған» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений 6 ноября 2023 года, по теме «Перевод из категории земель государственного лесного фонда в земли других категорий, расположенных на территории Карагандинской области, Кежекского сельского округа, Ақтоғайского района».

Инициатор публичных обсуждений: ТОО «Уштоған», г.Алматы, ул. Панфилова, 158, офис 1. БИН 140 840 011 001. Тел: +7 (727)2-72-31-49; +7 (777) 017-70-27, email: elendostyk@gmail.com.

Разработчик: ТОО «Центргөлсъемка», БИН: 150140011463, г. Караганда, пер. Свободный, д.9, тел: 8 (7212) 41-85-88, email: zaocgs@mail.ru.

С пакетом документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz/> в разделе «Опубликованные общественные обсуждения» для представления замечаний и предложений с 06 ноября 2023 года в течение 20 рабочих дней.

АБ

### (Соңы. Басы 6-бетте).

Ш.Таханов.

1951 жылы мұғалімдер институтын бітіріп келген жас маман Қыдырбаев Ғалы тарих, география пәндері бойынша мұғалім болып жұмысын бастады. 1950-1951 оқу жылында Калинин атындағы колхозда, 1951-1952 оқу жылында «5 декабрь», «Бидайық» колхоздарында (№7, №8), 1952-1953 оқу жылында «Қызылтас», «Қуаныш», «Еңбек» колхоздарында (№10, №11, №12), 1961-1962 оқу жылында РТС-та №13, 1966-1967 оқу жылында «Айыртас» совхозында бастауыш мектеп негізінде жетіжылдық, кейіннен сегізжылдық мектептер ашылды. Орта мектеп 1951-1952 оқу жылында өзінің жана түлектерін ұшыра бастады. Бұл жылы мектепті 15 оқушы бітірді. Олардың ішінен кейін Сейтқазы Бөкіров, Әзімхан Нұрланов, Өмірбеков, Нұржігітов, Шабаков, Ахметжанов, Өкімбаев, Мұхаметжанов, Смағұлов жоғары дәрежелі білімі бар, жауапты қызметтер атқарған.

1960 жылы «Қызыларай» совхозындағы, 1966 жылы «Қоңырат», «Ақтоғай» совхозындағы сегізжылдық мектептер онжылдық мектепке айналды. 1957 жылға дейінгі мектептердің құрылысы өте нашар, бірде-бірінің шатыры жоқ, айналасы қоршалмаған, едені тақтайсыз еді. 1957 жылы мамыр, маусым айларында облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі И.Ф.Клебцер аудан мектептерін түгел аралап шығып, мектептердің оқу-материалдық базасын нығайтуда, аудандық, облыстық органдардың көмегін бергізіп, ерекше көңіл аударды. Міне, осы қозғалыстың нәтижесінде 1957-1959 оқу жылында көптеген мектеп шатырланды, едені тақтайланды, айналасы қоршалды, оқу материалдық базасы нығая түсті.

Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеуде социалистік жолда алған міндеттемелерін орындап, озық шыққаны үшін Қоңырат ауданына (қазіргі Ақтоғай ауданы) облыстық, селолық аудандар арасында 1957 жылы бірінші орын, 1958 жылы екінші орын, 1959 жылы бірінші орын берілді. Облыстық

Совет атқару комитетінің ауыспалы Қызыл туы аудандық оқу бөлімінде біржола қалдырылды.

1965-1966 жылдары «Қоңырат», «Ақтоғай», «Айыртас» совхоздарында мектепке жаңа құрылыс салынып берілді. 1959 жылы оқуды өмірмен ұштастыруды жүзеге асыру мақсатында №2 Қызыларай орта мектебінде «Кіші ферма» ұйымдастырылды. Бұл республика көлемінде игі бастама болды. Мектеп оқушылары 60 сиырды өз күтіміне алды. Мал азығын өздері даярлады. Түгелдей бұзаулатып, күтіп, 6-7 айлық кезінде салмағын 80 кг жеткізіп, совхозға тапсырып отырды. 1959 жылдан бастап аудан мектептерінде тұрақты өндірістік бригадалар шаруашылықтарда жақсы жұмыс істеп келеді. 1965 жылы №1 М.Горький атындағы орта мектеп оқушыларынан құрылған өндірістік бригада облыс көлемінде бірінші орын алып, ЛКСМ Орталық комитетінің бағалы сыйлығын алып, республикада екінші орынға ие болды. 1966 жылы ауданның мектептерінде 12 өндірістік бригадада 275 оқушы болып, 2018 төл қабылдады, 1500 тонна мал азығын даярлап, қора басына тасып, ондағы өндірістік бригада өндіріс бойынша бірінші орынға ие болып, бағалы сыйлық алды.

Аудандағы оқушы балалар жаз айларында әсем Қызыларай тауы баурайында жыл сайын демалды. 1965 жылы жаңа типті пионер лагерінің құрылысы пайдалануға берілді. Бір кезекте 100 бала демалды. Тұңғыш рет 1965 жылы 25 оқушы Мәскеу қаласына экскурсияға барып келді. Исатаева, Садықова, Мағрұпов, Өбдіғұлов «Артекте» демалды. Совет Одағының батыры Қазбек Нұржанов аудан мектебінің бірінші түлегі болды. Бұл аудан жастарының мақтанышы.

1967 жылы Ақжарықтағы бастауыш мектеп, жетіжылдық мектепке айналып, жақсы мектеп құрылысы пайдалануға берілді. Мектептің директоры М.Ысқаков еді.

**К. Жолдасов,**  
Ақтоғай ауданы мемлекеттік архивінің басшысы.

### \*Құқық заңнамасы

## Айлакерге арбалмаңыз

Қазіргі уақытта ғаламтор желісінде алаяқтыққа баратын жандар қатары жеткілікті. Алаяқтық іс-әрекетке оқталатын адамның қулығына құрық бойламайды. Негізінен, интернет алаяқтыққа заманауи технологияны пайдаланып жасалатын қылмыстық іс-әрекеттің біріне жатқызылады. Жалпы, интернет алаяқтық барысында қылмыс жасаушы ақпараттық жүйенің көмегімен бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау, сенімін теріс пайдалану жолымен біреудің мүлкін құқықсыз иемденеді.

Бүгінде интернет алаяқтарымен күрес жүргізу құқық қорғау органдарының негізгі қызметі саналады. Өз кезегінде аталған мәселеге қатысты ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды Ақтоғай аудандық ПБ-нің бастығы, полиция подполковнигі С.Спанов кеңінен тарқатып айтты.

–Жалпы, 2023 жылдың есептік

уақытында Ақтоғай ауданының ПБ

9 ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық тіркеліп, ашылмаған.

Тіркелген қылмыстардың 7 төмендегідей жағдайда орын алған. Қазіргі таңда, азаматтардың ұялы телефондарына алаяқтар қоңырау шалып, олардың сеніміне кіріп, әртүрлі сылтау айтып, жалған қызметтік куәліктерін «WhatsApp» қосымшасына немесе т.б. жіберіп, өздерін банктің менеджерлері немесе өзіндік қауіпсіздік қызметкері ретінде таныстырып, азаматтардың атынан алаяқтар несие рәсімдеп жатыр деп алдап және соны тоқтату үшін бірқатар операцияларды орындауға мәжбүрлейді. Осындай өтірікке сенген азаматтар алаяқтардың айтқан программасын немесе басқа да қосымшаларды өздерінің ұялы телефондарына жүктеп, өздеріне жіберілген SMS хабарламалардағы кодтарды алаяқтарға айтып береді. Сол арқылы алаяқтар азаматтардың атынан несие рәсімдеп кейіннен ақшаны белгісіз шоттарға аударып алады. Естеріңізде болсын! Өздеріңізді алдау арқылы рәсімделген несиеңізді төлеудегі жауапкершіліктен сіздерді ешкім босатпайды.

Банктердің алдында несиеңіз өздеріңіз алғандай жауапты болып, өздеріңіз өтейсіздер. Сондықтан кез келген күдік тудыратын қоңыраулар бойынша белгісіз адамдармен сөйлесуден, оларға қандайда бір жеке ақпараттарыңызды айтудан сақ болыңыздар. Сонымен қатар, банктің қызметкерлері сіздерге ешқашан өздері қоңырау шалып қандайда бір бағдарламаны ұялы телефоныңызға орнатыңыз (Анидеск, Теамвивер) және жіберілген SMS хабарламалардағы кодтарды айтыңыз деп хабарласпайды. Егерде, сіздерге осындай күдік тудыратын белгісіз

тұлғалар хабарласып, өздерін банктің қызметкері ретінде таныстырып, жоғарыда көрсетілген жағдайларды орындауға мәжбүрлесе, бірден тұтқаны қойып банктердің жұмыс телефондарына хабарласыңыз немесе мүмкіндік болса сол банктің кеңселеріне барыңыз. Сондай-ақ, бүгінде kolesa.kz, adi.kz, olx.kz, dogovor24.kz сияқты кейбір сайттардағы сауда алаңдарында алаяқтық фактілері жиі кездеседі. Алаяқтар одан бөлек, фейсбук, вКонтакте, мейл.ру, одноклассники, whatsApp, telegram, instagram әлеуметтік желілерін пайдалану арқылы әртүрлі тауар, өнім, қызмет түрлерін сатуға жарнама орналастырады. Бұл жағдайда сандық көрсетілімі бар белгілі бір өнімді сатқанда алдын ала qіwі-әмиянға, түрлі банктердегі шоттарға төлем аударуды талап етеді. Кейіннен шот иелерін тексерген кезде олардың өзге



адамдардың атынан тіркелгені белгілі болады. Алдын ала төлем жасасқан алаяқтар жәбірленушілер мен кез-келген уақытта байланыста болады.

Интернет алаяқтарының құрбаны болмау үшін расталмаған сату көздерін пайдаланбаңыз, кез-келген жағдайда банк картасы бен шоты туралы мәліметті ешкімге бермеңіз. Әсіресе, интернет арқылы байланысқан кезде. Интернет, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жасалатын күмәнді мәліметке жоламаңыз, интернет порталдары арқылы мүлкті сатып алу (сату) кезінде ешқашан алдын-ала келісім жасамансыз, төлем жүйелерімен белгісіз тұлғаларға ақша аудармаңыз.

Сонымен қатар автомобиль мен оның қосалқы бөлшектерін сатып алғанда достарыңыз бен таныстарыңызға айтып, сатушымен кездесуді және сатып алынған өнімді тексеруді өтінізіңіз. Егер өзіңіз немесе жақындарыңыз зардап шеккен болса, уақытында мына байланыс телефон нөмірлеріне хабарласыңыз: 102, 2-16-90.

Бұл ретте, аудандық полиция бөлімі облыстық полиция департаменті қызметкерлерімен бірлесіп, интернет желілерін тексеру бойынша арнайы іс-шара жүргізіп келеді. Интернет алаяқтық қылмысы негізінде мониторинг жасалып, зерттеп-зерделеу жұмысы ұдайы бақылауда болады дейді аталмыш сала мамандары

Думан ҚАБЫЛ.



# Сібір күйдіргісі несімен қауіпті?

Сібір жарасы немесе сібір күйдіргісі, кейде түйнеме деп те аталатын бұл ауру – аса қауіпті зоонозды жұқпалы ауру. Ауырғанда дене қызуы көтеріліп, лимфа түйіндері зақымдалады, ауру ауыр түрде өтеді. Күйдіргі ауруының терілік түрі жиі кездеседі, ішектік түрі, өкпелік және іріндік түрлері өте сирек тіркеледі.

Ауру қоздырушысы – таяқша тәрізді бактериялар, бұлар сыртқы ортаға төзімді, адам және жануарлар ағзасынан тыс жерде споралар түзіп, сыртқы орта факторларына төзімді келеді. Топырақта ұзақ жылдар, тіпті жүздеген жылдар бойы сақталады. Күйдіргі ауруы адамға үй жануарлары арқылы, яғни ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқалардан жұғады. Ауруды малды сою кезінде, терісін өңдегенде, бактерия қоздырғышымен ластанған тағамдарды термиялық өңдеусіз қолданғанда, ластанған топырақпен жұмыс жасағанда, топырақты қопару жұмыстары кезінде де жұқтыруы мүмкін.

Көбінесе тері зақымдалады. Күйдіргі қоздырғышы ағзаға жұққанда, бастапқыда кішкене ауырмайтын дақ түзіледі. Дақтың орыны ашып, күйдіріп ауырсынады. Дақ одан әрі сулы қабыршыққа немесе папулаға ауысады. Одан әрі ірінді жараға, соңынан қанды сұйықтығы бар везикулаға ұласады. Жарылып, айналасы көтеріңкі, артқы жағы қоныр түсті жараға ауысады. Пайда болған жараның ортасы қарайып, қатайды.

Бұл аурудың ерекшелігі сол, қарайған жер еш қандай да ауырсынбайды, ине, үшкір затпен жанасқанда да

ауырсынуды сезбейді. Ол қара көмір сияқты болады, сондықтан да болар – бұл ауру Bacillus anthracis деген атауға ие болған, аудармасы көмір тәрізді бацилла деген ұғымды білдіреді.

Уақытында емделмесе, соңы өкінішке соқтыруы мүмкін.

Аурудың алдын алу мақсатында келесі іс-шараларды орындау қажет:

– аурудың белгілері байқалса жедел түрде медициналық көмекке жүгіну қажет;

– үй жануарларын бақылауда ұстау, сібір жарасына қарсы екпе жасату керек;

– мал ауырған жағдайда мал дәрігерлерінің кеңесін алу;

– сүт және сүт өнімдерін тек ветеринарлық бақылауы бар дүкендерде немесе базарлардан сатып алу;

– жануарлардан алынатын өнімдерді термиялық өңдеуге жіберу, етті мұқият қуыру, пісіру, сүтті қайнату;

– ауыл шаруашылығы жануарларын асырау, күту, бағу кезінде гигиенаны сақтау, қолды сабынмен жуу, қорғаныс құралдарын (қолғаптарды) пайдалану;

– жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау қажет.

Осы шараларды сақтап, дер кезінде медициналық көмекке жүгінсеңіз аурудан толық айығытыныңызды естен шағырмаңыз.

Г. Муксинова,

Ақтоғай ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

## Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті жеңгеміз **Шәйза Төлеханқызын** 70 жасқа толған мерей-жасымен құттықтаймыз!




Қуаныштысы мерейтойыңызды отбасыңыздың алтын қазығы болған ағамызбен бірге балашағаныңыздың шаттыққа толы ортасында қарсы алып отырсыз. Өсіп-өнген, ұрпақ тәрбиелеген, құда-құдағиларыңыз бен дос-жарандарыңыздың ыстық ықыласына бөленген өзіңізге тек жақсылықтар, қуаныштар мен бақытты ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз.

Ізгілікті нұрын шашар манайға, Адамсыз ғой үлгі болар талайға. Жақсылықты өзіңізден көп көрген, Ұмытпайды туған-туыс қалайда.

Ігі тілекпен: **Ибраев Ғалымның әулеті.**

## Құттықтаймыз!



Қадірлі жеңгеміз **Бишасва Шәйза Төлеханқызы!**

Сізді адам өмірінің айтулы белесі 70 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өміріңіз қашан да көктемдей жарқын әрі шуақты, жаздай жылы әрі жайма шуақ болсын.

Үлкені бар үйдің құты бар. Біздің қадірменді жеңгеміз ретінде өзіңізді ортамыздың құты, ағайынның ырысы, бала-шағаның берекесі деп білеміз. Үлкені бар елдің қазынасы бар деп бекер айтылмаған. Сізге әрқашанда зор денсаулық, ұзақ жас, өмірдің, ұрпақтың қызығын көре беруді тілейміз.

Жыл сайын қуанышқа бөленіңіз, Бақытқа отбасылық кеңеліңіз! Жұмыста еңбегіңіз бағаланып, Шаттықта, қуанышқа кеңеліңіз!

**Тілек білдірушілер: Қайырбек-Лиза, Сағат-Шынар, Тілек-Ақнұр, Айбек-Айзат, Асқат, Бақытгүл, Тоғжан.**

## Құттықтаймыз!

Көршіміз **Қазкеев Мұратбек Өмірбекұлын** асқаралы 60 жас мерейтоймен құттықтаймыз.



Адам өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы кемел жас алпыстың орны мүлде ерекше екені баршаға мәлім. Шаңырағында шаттығын мен қуанышын көп болсын. Бала-шаға, немерелердің қызығына тоймай, Алланың назарында бақыттың базарында болғайсың. Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық нәсіп етсін.

«Алпыс – талтүс» дейді халық данасы, Алпыс деген – өң мен түстің арасы.

Бір әулеттің өзің алтын қазығы, Аман болшы, аяулы ел ағасы.

**Ігі ниетпен: Болат-Бұлбұл, Нұрлан-Айгүл, Қанат-Дина, Мейрам-Сақыпжамал, Ардақ, Саят-Жанат, Қайыр, Қуаныш-Мамық, Қуандық-Бибігүл, Төлеген-Гаухар, Тимка-Айнаш, Нұрлан-Бұлбұл.**

## Хабарландыру

### Құрметті Ақтоғай ауданы тұтынушылары!

«Казэнергоцентр» ЖШС Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығымен бекітілген 15 тармағын басшылыққа ала отырып 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығымен Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында электрмен жабдықтау қызметтерін көрсету бойынша өз қызметінің тоқтатылуына байланысты, «Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызметтер көрсету қағидалары» 2024 жылдың 01 қаңтардан бастап Ақтоғай ауданын тұтынушыларымен электрмен жабдықтау шарттарын бұзуы туралы хабарлайды.

## Объявление

### Уважаемые потребители Ақтоғайского района!

ОО «Казэнергоцентр», руководствуясь пунктом 15 «Правил организации и функционирования розничного рынка электрической энергии, а также предоставления услуг на данном рынке», утвержденных Приказом Министра энергетики Республики Казахстан от 20 февраля 2015 года № 111, настоящим уведомляет Вас о прекращении с 01.01.2024г. своей деятельности по оказанию услуг электроснабжения в Ақтоғайском районе Карагандинской области и расторжении договоров электроснабжения с потребителями Ақтоғайского района с 01 января 2024 года.

АБ

## Хабарлама

2023ж. 01 қараша айынан бастап Ақтоғай ауданы Шашубай кенті бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және тасымалдау бойынша тұрғындарға арналған тарифтер

№	Атауы	ҚҚС ескере отырып		Жылдық тариф
		Бір тұрғынға ай сайынғы абоненттік төлем		
		Абаттандырылған тұрғын үй	Абаттандырылмаған тұрғын үй	
1	Жинау және тасымалдау	315,0	331,9	м <sup>3</sup>
	Жылдық жинақтау мөлшерлемесі м <sup>3</sup>	1,52	1,6	

«Балхаш универсал» ЖШС әкімшілігі. АБ

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА** Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 980 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үйі.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

